

"Отын" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 10 қараша N 1108. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.02.13. N 152 қаулысымен.

Қазақстан Республикасында 1993-1995 жылдары (II кезең) мемлекет иелігінен алу және жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасын жүзеге асыру, өтпелі кезеңде мемлекеттік реттеуді күшетту және нарықтық құрылымдарды қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Бұрынғы "Қазақстанкөмір" корпорациясының отын шаруашылығы басқармасы және отын шаруашылығы облыстық басқармаларының негізінде "Отын" мемлекеттік акционерлік компаниясы (бұдан әрі Компания деп аталады) құрылсын.

2. Компания қызметінің негізгі мақсаты халықтың, соның ішінде оның аз қамтамасыз етілген топтарын, коммуналдық-тұрмыстық, ауыл шаруашылық кәсіпорындардың және майда көтерме тұтынушылардың қатты отынға деген қажеттігін қамтамасыз ету, жергілікті маңызы бар көмір кен орындарын игеруді ұйымдастыру үшін Компанияға қатысуышылардың қаржы ресурстарын шоғырландыру, шетел инвесторларын тарту, өндірісті диверсификациялау және оған кіретін кәсіпорындарды тиімді пайдалану стратегиясын анықтау және қолайлы жағдайлар туғызу мақсатында олардың қызметін үйлестіру болып белгіленсін. <*>

Ескерту. 2-тармақ сөздермен толықтырылды - ҚРМК 1994 ж.

10 қазандағы N 1132 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігімен бірлесіп, белгіленген тәртіп бойынша: құрамына қосымшаға сәйкес ұйымдар мен кәсіпорындар кіретін Компанияны құру туралы құжаттар пакетін бір ай мерзім ішінде әзірлесін;

Компанияға кәсіпорындардың, ұйымдардың, сондай-ақ бұрын құрылып, Компанияның құрамына енгізілген акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін занда белгіленген тәртіппен иелену, пайдалану және басқару құқығы берілсін.

Мемлекеттік кәсіпорындарды акцияландыру барысында акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттері, Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік мұлік жөніндегі мемлекеттік комитеті өткеретін акциялар пакеттерін қоспағанда, Қазақстан Республикасында 1993-1995 жылдары арналған (II кезең) мемлекет иелігінен алу және жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасында көзделген тәртіппен Компанияның иеленуі, пайдалануы және басқаруына берілсін.

4. Қазақстан Республикасының қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен Компанияға тұрмыс жағдайы төмен азаматтарды көмірмен қамтамасыз ету үшін мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлетін болсын.

5. Компанияның орналасатын жері Алматы қаласы болып белгіленсін.

6. Компанияның басшыларын тағайындау және бекіту Қазақстан

Республикасы Министрлер Каабинетінің "Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру барысында шаруашылық жүргізуши субъектілердің қызметі мемлекеттік реттеу мәселелері" деген 1993 жылғы 14 шілдедегі N 606 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің "Қазақ мемлекеттік "Қазотын" республикалық отын шаруашылығы бірлестігін құру туралы" 1991 жылғы 8 мамырдағы N 300 қаулысының (Қазақ ССР ҚЖ, 1991 ж., N 15, 90-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 10 қарашадағы

N 1108 қаулысына

Қосымша

"Отын" мемлекеттік акционерлік компаниясының

құрамына кіретін ұйымдар мен кәсіпорындардың

Тізбесі

Жауапкершілігі шектеулі "Қара алтын" серіктестігі, Алматы
қаласы

Ақтөбе облыстық отын шаруашылығы басқармасы (Ақтөбеоблотын),
Ақтөбе қаласы

Шығыс Қазақстан облыстық отын басқармасы (Өскеменоблотын),
Өскемен қаласы

Атырау облыстық отын шаруашылығы басқармасы (Атырауоблотын),
Атырау қаласы

Жамбыл облыстық отын шаруашылығы басқармасы (Жамбылоблотын),

Жамбыл қаласы

Жезқазған облыстық отын шаруашылығы басқармасы
(Жезқазғаноблотын), Жезқазған қаласы

Қарағанды облыстық отын шаруашылығы басқармасы
(Қарағандыоблотын), Қарағанды қаласы

Қызылорда облыстық отын шаруашылығы басқармасы
(Қызылордаоблотын), Қызылорда қаласы

Көкшетау облыстық отын шаруашылығы басқармасы
(Көкшетауоблотын), Көкшетау қаласы

Қостанай облыстық отын шаруашылығы басқармасы
(Қостанайоблотын), Қостанай қаласы

Маңғыстау облыстық отын шаруашылығы басқармасы
(Маңғыстауоблотын), Ақтау қаласы

Павлодар облыстық отын шаруашылығы басқармасы
(Павлодароблотын), Павлодар қаласы

Солтүстік Қазақстан облыстық отын шаруашылығы басқармасы
(Петропавлоблотын), Петропавл қаласы

Семей облыстық отын шаруашылығы басқармасы (Семейоблотын),
Семей қаласы

Талдықорған облыстық отын шаруашылығы басқармасы
(Талдықорғаноблотын), Талдықорған қаласы

Торғай облыстық отын шаруашылығы басқармасы (Арқалықоблотын),
Арқалық қаласы

Батыс Қазақстан облыстық отын шаруашылығы басқармасы
(Оралоблотын), Орал қаласы

Ақмола облыстық отын шаруашылығы басқармасы (Ақмолаоблотын),
Ақмола қаласы

Оңтүстік Қазақстан облыстық отын шаруашылығы басқармасы
(Шымкентоблотын), Шымкент қаласы

"Адина" шағын кәсіпорны, Алматы облысы

"Мәдина" акционерлік қоғамы, Семей облысы

"Ойқарағай" акционерлік қоғамы, Алматы облысы

Мойынқұм көмір кен орны, Жамбыл облысы

Тасқөмір кен орны, Оңтүстік Қазақстан облысы

Кендерлі кен орны, Шығыс Қазақстан облысы

Қызылқаспақ-Айыржал кен орны, Маңғыстау облысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК